

ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – КӘСІБИ ҚАТЫНАСТАҒЫ АДАЛДЫҚ ЖӘНЕ ПАРАСАТТЫЛЫҚ

Хамзина Күлшат Бақытжанқызы
пед. ғыл. магистрі, ҚМПИ,
Қостанай қ.

Аннотация

Бұл мақалада кәсіби қарым-қатынастағы адалдық пен парасаттылықтың басты құндылық екендігі қарастырылады.

Аннотация

В данной статье рассматривается ценность честности и здравомыслия в профессиональных отношениях.

Abstract

This article discusses the value of honesty and sanity in professional relationships.

Түйінді сөздер: Құндылық, адалдық, парасаттылық, кәсіби қарым-қатынас.

Ключевые слова: Ценность, честность, здравомыслие, профессиональные отношения.

Keywords: Value, honesty, sanity, professional relationship.

Мемлекетіміздің өзіне және болашақ тәрбиеленушілеріне жеке тұлғалық-гуманды позицияны ұстаушы, білгір де білікті кәсіби мамандарды даярлауға деген қажеттілігі бірнеше өзекті мәселелерді қозғайды.

Осындай өзекті мәселенің бірі – кәсіби қатынастағы адалдық және парасаттылық құндылықтарын қалыптастыру мәселесі. Мұның айғағы Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «**Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек**» - деп атап көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы 28-ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының отыз басым бағытын айқындап, солардың бірі заман талабына сай, жоғары сапалы, халықаралық стандарттарға сай білім беру екендігіне тоқтала келе: «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін жолға қоюға тиістіміз» - деп атап көрсетілген [2].

Қазақстан заңдары білім беруді қоғамның және мемлекеттің рухани, әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуының негізі деп жариялайды. «Білім туралы» заңда білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі: еңбек рыногында бәсекеселесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру [3].

Қазақстан Республикасындағы Жоғары педагогикалық білім берудің басты мақсаты оқушының жеке басының қалыптасуы мен даму мәселесін шығармашылықпен шешуге қабілетті кәсіби жағынан компетентті жаңа формацияның педагогын даярлау делінген. Концепцияда педагогтың күзіреттілігі үш тұрғыдан демек, жалпы мәдени (дүниеге көзқарас), әдіснамалық (психологиялық-педагогикалық) және пәндік-бағыттылық деп атап көрсетілген. Демек, бүгінгі мұғалімнің, педагогтың, тәлімгердің, оқытушының кәсіби шеберлігін, компетенттілігін жетілдіру бүгінгі педагогика және психология ғылымдарының ең өзекті мәселелерінің бірі болмақ [4].

Шығыстың ұлы ғалымы Әбу Насыр әл Фараби: «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін

жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» – деген болатын [5]. Осынау қасиетті мамандық иесі болашақ мамандардың кәсіби қатынастағы адалдық және парасаттылық құндылықтарын қалыптастырудың бүгінгі күнде алар орны ерекше екендігін білдіреді. Сондықтан, білім сапасын арттырудың негізгі тетігі – ұстаз екендігі, сонымен бірге оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі, ішкі жан дүниесі, сыртқы келбеті – оның педагогикалық қарым-қатынастағы адалдық және парасаттылық құндылықтарын құрайтындығын көрсетеді.

Еліміздің ертеңі - болашақ маманның кәсіби білімділігімен өлшенеді. Сондықтанда білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ - ұлтымыздың баға жетпес бай қазынасы. Қазіргі уақытта педагогика, психология ғылымдарының өзекті мәселелерінің бірі – болашақ маманды даярлау, жан - жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүние көзқарасы кең, рухани бай кәсіби маман дайындау болып табылады. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар, түрліше кәсіптік бағдарламаларға негізделген жаңа типтегі оқу орындарының пайда болуы болашақ мамандарды даярлау ісіне нақты талаптар қояды. Отандық ғалымдардың қоғам талабына сай жүргізіліп жатқан өзгерістерге тән жоғары оқу орындарында жаңа типтік құрылымдар мен әдістерді енгізуі әлемдік стандартқа сай мамандарды дайындау үшін күш жігерлерін ғылыми тұрғыда байланыстыра отырып, қызмет етуде.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби біліктері мен қабілеттері, тұлғалық қасиеттерін педагогикалық тұрғыдан дамыту мәселесін Н.Д.Хмель тұжырымдады [6].

Кәсіби қатынастағы адалдық және парасаттылық құндылықтарын қалыптастыру үшін «құндылық», «адалдық», «парасаттылық» ұғымдарына тоқталып өтсек.

Философия тарихында құндылық көрінісінің заңдылықтары туралы жалпы түсінік 19 ғасырдың ортасында пайда болды. Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтаманы Р.Лотце мен Г.Коген берді. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылды. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. Ол пәндік және субъективтік деген екі бөліктен тұрады. Пәндік және субъективтік құндылық - адамның дүниеге қатынасының екі жағы, біріншісі - оның объектісі, екіншісі - субъектісі. Сондықтан пәндік құндылық баға берудің объектісі, ал субъективтік құндылық олардың өлшемі мен әдісі болып табылады. Пәндік құндылыққа заттардың табиғи қажеттілігі, өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұралар, ғылыми ақиқаттың теориясы маңызы мен тәжірибелік пайдасы, адамдардың іс-әрекетіндегі жамандық пен жақсылықтың іске асуы, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеттері жатады. Санадағы құндылық ұғымына қоғамдағы ойлау мен бағалау, мақсат және оған жетудің жолдары, қоғамда кездесетін түрлі нормалар жатады. құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне, т.б. баға беру қатынасынан тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады және реттейді. Құндылықтар адам мүддесінің объектісі бола тұра, әлеуметтік, заттық ортадағы күнделікті тіршілікте бағыт беру ролін атқарады. Адам өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды. Оның шынайы өмірге құндылықтық қатынасы тек сана негізінде болуы мүмкін. Құндылықтық сана заттың біз үшін қаншалықты бағалы, оның құндылығы неде екенін зерттейді.

Сонымен, *құндылық* - мәдениеттің құрамдас бөлігі. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Мәдениет құндылықтары, тиісінше, материалдық және рухани болып бөлінеді. Құндылықтардың мазмұны қоғамның мәдени жетістіктерімен шарттастырылған. Құндылықтар әлемі, сөздің кең мағынасында, мәдениет әлемі деген сөз. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының елшеуіші іспетті. Құндылықтарды мүдделердің қарапайым жалғасы немесе бейнеленуі ретінде қарастыруға болмайды. Олар салыстырмалы өзінділікке ие.

Адалдық - адам мінезіндегі бағалы қасиет; жеке тұлғаның сана-сезіміне, ар-ұжданына қайшы келмейтін, халықтың мақсат-мүддесін көздейтін, тарихи шындықпен, прогреспен ұштасып жататын іс-әрекеттер. Әрбір қоғамның адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі бар. Қарапайым халық әрқашан да адалдық қасиеттерін кіршіксіз таза ұстауға ұмтылады. “Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі - қазақтың әулиесі сол”, - дейді Абай. Адалдық адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды. Ол туа пайда болмайды. Қоғамның дамуына сәйкес әрбір адамның өнегелі тәрбиесіне, оқып білім алуы мен адал еңбектену процесінде қалыптасады. Адалдық жеке тұлғалар мен адамдардың абырой-атағын арттыратын ізгі қасиет[7].

Адалдық - адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін әрекеттердің моральдық-этикалық жиынтығы. Қазақ пайымында адам бойында адалдық пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді қасиеттердің қалыптасқан нормаға сай болуы керек. Көшпелі қазақтардың адамгершілік, адалдық қасиеттері тұрғысынан кіршіксіз таза, мәрт болатындығы туралы шетелдік саяхатшылардың қолжазбалары мен күнделіктерінде көп айтылады.

Қазақтың адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі туралы Ұлы Абай: «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол», - дейді. Адамгершілік ұжымдық ортада бойына сіңірген тәрбиесіне, біліміне, адал еңбектенуге байланысты қалыптасып, адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды [8].

Шәкәрім қажы адалдық турасында: Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, Ғибадат пен пен адалдық ар үшін жи, - деп, бақыттың өзі адалдыққа негізделетінін айта келіп, адалдықтың ар біліміне қатысына да ерекше көңіл бөледі. Адалдық қорғау қажеттігін, ол үшін адам бойындағы асыл қасиеттердің бірлікте болуын ашып көрсетеді.

Парасат - ойдың мүлдем жаңа таным-білімдерді қорыта алатын және шындықтың аса терең мәнін танып біле алатын жоғары жасампаздық қабілеті.

Парасаттылық – адам бойындағы кісілік қасиет. Парасаттылық ұғымы ақылдылық пен білімпаздық, мәдениеттілік, көрегенділік, зерделілік мағынасында қолданылады. Парасатты адамға адамгершілік, инабаттылық, салиқалылық, мейірімділік, ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, талғампаздық қасиеттері тән. Көпті көрген, көп білетін мұндай адам сөйлейтін әр сөзін ойланып, ақыл таразысына салып айтады. Дәстүрлі қазақ қоғамында парасатты адам бойында кездесетін асыл қасиеттердің біріне айналып, адамгершілік пен өнегелілік тұрғысынан жоғары бағаланған[9].

Анықтай келе, болашақ мамандардың кәсіби өсуі ол тек атқарған қызметіне ғана байланысты емес, яғни, маманды бағалау арқылы оның қызметінің нәтижесі мен сапасы көрсетеді. Ал сапа мен нәтиже болу үшін, болашақта төмендегідей қарастырылған құзырлық түрлерін қамту қажет.

Жеке тұлғаның кәсіби қатынастағы адалдық және парасаттылық құндылықтарын қалыптастыру келесі компоненттерді қарастырады:

- *Таныстырушы құзырлық* сыртқы көрініс, іскерлік қарым-қатынас, байсалдылық манері, ұжымның сыртқы көрінісі.

- *Әлеуметтік құзырлық* оның жұмыс істеу қабілеттілігі көндіру, сендіру, қақтығыстарды шешуді жүзеге асырады.

- *Қызметтік құзырлық* шешім қабылдау іскерлігі, шығармашылық жұмысқа дағдылары, еңбекке икемділігі мен шыдамдылығын көрсетеді.

- *Басқарушылық құзырлық* оның ұйымдастыру қабілеттілігі, жауапкершілік сезінуі, психологиялық сендіруі, кәсіби және жеке тұлғалық беделі мен жетекшілік мінез-құлқы.

- *Кәсіби құзырлық* маманның жоғары арнаулы білімі және тәжірибесі және шетелдік жұмыс тәжірибесі, тілдерді білуі.

- *Стратегиялық құзырлық* жан-жақты ой-өрісі мен қиын мәселелерді шешу қабілеті.

Бұл жоғарыда көрсетілен мәселелер болашақ кәсіби маманның кәсібіне тікелей әсер етеді. Болашақ мамандардың кәсібилігіне дайындық барысында жеке тұлғалық мінезі жиі өзгеріп отырады. Қызығулықтар мен қажеттіліктер жиі өсіп отырады, соның барысында маманның қабілеті мен ұмтылысы алға басып отырады. Осыған сәйкес әрбір болашақ маманның қызметін атқару барысында жеке стилі пайда болады.

Болашақ мұғалім қызметіне енген кезден бастап оқушыларды жеке басқарушылық стилдерін қалыптастырады, яғни оқушылармен қарым-қатынас барысында өзінің стилін жүзеге асырады. Осыған байланысты біз екі стильді қарастырып кетерлік, кейбір мамандар оқушылармен жұмыс барысында авторитарлық басқарушылық арқылы оқушылармен жұмыс істейді, бұнда жақсы жақтарын қарастырсақ, оқушылар мұғалімнің жеке тұлғалық ойын айтуға бата амауынан толықтай ашыла алмауы мүмкін.

Ал кейбір мұғалімдер демократиялық стилде өз жұмысын орындайды. Қазіргі уақытта көбіне осы стильде жұмыс істеуге тырысады. Бұл жағдайда оқушылар еркін ойын айтып, мұғаліммен ашық, еркін қарым-қатынас жасай алады. Бірақ, бұныңда бір кемшілік мұғалімді жетекші ретінде қабылдамай қалуыда мүмкін.

Сондықтан, қазіргі таңда болашақ маманның кәсібін жоғарғы дәрежеде жүзеге асыру үшін мұғалім дұрыс, қызметіне кедергі келмейтін жетекшілік стилін қалыптастыру керек, әрине, бұнда нақты стильді таңдап, сол арқылы жүргізу керек дегіміз келмейді, олай болу да мүмкін емес. Сол себепті жұмысын тиянақты, бір гармонияда жүргізу үшін үйлесімді стильді қалыптастыруы керек, яғни, бірнеше стильдерді үйлестіру.

Әр заманның өз құндылығы болды және болады да. Қазіргі кезде осы нарық заманында болашақ мамандарды дайындауда ең бірінші мемлекет белгілі бағдарламаны жүзеге асырады. Осыған сәйкес біздің мемлекет болашақта алға мақсат қоя білетін, мықты болашақ мамандарды тәрбиелегісі келеді. Соның ішінде дәл қазіргі кезде жанашылдықты ашатын, экономикалық, әлеуметтік, саяси жағынан алға ұмтылатын болашақты көргісі келеді. Осыған байланысты қазіргі кезде адам құндылықтары көбейіп келеді. Әр тұлға өзінше ерекше, осыған сәйкес әр тұлғаның құндылықтары әр түрлі. Болашақ мұғалімдер үшінде құндылық мәнін түсіну және соны қадірлеу басты мақсаты болып табылады.

Құндылық мәнін ашу ол шексіздік. Қазіргі кезде оған қоршаған орта, материалдық жағдай, әлеуметтік жағдай, психологиялық жағдай т.б. әсер ететін факторларды әсерін тигізеді. Осы қоғамда болашақ маманның кәсіби қатынастағы адалдық және парасаттылықтарын қалыптастыруда құндылық мағынасының да үлкен үлесін қосатындығын тағы да айтқымыз келеді.

И.Д.Багаева қызметте кәсібилілік жөнінде жалпылама көрінісін айтып кетеді. Соның ішінде оның құрылымында 3 компонентін бөліп көрсетеді. Біріншіден, кәсібилік бұл басты білім мен кәсібилікті қалыптастыратын базадан тұрады. Екіншіден, сол білімін қызметінде қолдана білу қабілетін көрсетеді. Үшіншіден, тұлғаның құндылығын қалыптастыратын толық жүйе жан-жақтылық болып табылады [10].

Әр тұлға өмірде өзінің орнын табуды жоспарлайды. Осыған сәйкес болашақ маман тұлға ретінде өсіп, өніп қандайда бір идеалға, эталонға ұмтылады. Соның барысында оның қажеттіліктері туады және ең бастысы оның өмірдегі құндылықтары пайда болады. Әрине құндылық мағынасын толықтай ашу мүмкін емес деп жоғарыда айтып кеткенбіз, оған тағы себеп, адам өмірінің мәні, ұлты, жас ерекшелігі, жынысын, өмір сүріп жатқан ортасын, өткен тарихын т.б. әсер етеді. Әрине біздің басты мақсатымыз болашақ маманның кәсіби қатынастағы адалдық және парасаттылық құндылықтарын қалыптастыру болғандықтан осы мәселелер де тікелей байланысты екені анық. Болашақ маманды кәсіби қатынастағы адалдық және парасаттылық құндылықтары мәнін дұрыс түсіне алатындай тұлға етіп қалыптастыру біздің мақсатымыз болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.// Егемен Қазақстан. – 2012, 15 желтоқсан.

2 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауы. 28.02. 2007ж.

3 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 15 тамыз. – Б. 3-4.

4 Қазақстан Республикасының (жаңа формация педагогын даярлау) үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. -Алматы, 2005. -32 б.

5 Әл - Фараби. Әлеуметтік – этникалық трактаттар. – Алматы. 1975. – 419 б.

6 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Наука, 1998. – 320 с.

7 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет. ISBN 9965-822-10-7

8 Шақбай Т. Адамгершілік // Шәкәрім. Энциклопедия. Семей: Тенгри. 2008

9 Қазақ энциклопедиясы 7 том

10 Багаева И.Д. Формирование у будущего учителя основ профессионализма педагогической деятельности. – Л.,1990. – 211б.

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛИЗМА В УСЛОВИЯХ ТРАНСФОРМАЦИИ ДУХОВНОЙ ЖИЗНИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Шалапина Оксана Борисовна
преподаватель русского языка и литературы
Калинина Анастасия Александровна
преподаватель английского языка и специальных дисциплин
Марданова Ксения Финадовна,
психолог ЧУ «Колледж Зерек»,
г. Костанай

Аннотация

Кәсіби қызмет қазіргі адамның өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Өйткені, кәсіби мансапты қалай дамытатыны адамның өмірімен қанағаттануына ғана емес, оның үйлесімді дамуына да байланысты.

Аннотация

Профессиональная деятельность является неотъемлемой частью жизни современного человека. Ведь от того, насколько успешно складывается профессиональная карьера, зависит не только удовлетворенность личности своей жизнью, но и ее гармоничное развитие.

Abstract

Professional activity is an integral part of the life of modern man. After all, how successfully the professional career develops depends not only the satisfaction of the person with his life, but also its harmonious development.